21363976417

№1513-24-00-2/500

ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 5 тамыз Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Кустанов, өз бастамасымен сот шешімінде жіберілген қатені түзету туралы сұрақты қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2024 жылғы 29 сәуірде алдын ала сот отырысында «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі» ММ-нің жауапкер «DQB» ЖШС-н мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айбын өндіру туралы азаматтық ісі қаралды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің (әрі қарай - АПК) 235 бабына сәйкес сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Аталған азаматтық іс бойынша сот шешімінің сипаттау бөлігінде мемлекеттік сатып алу туралы №735 шарты 2024 жылдың 23 қазанда жасалған деп және жауапкердің атауы «DQB» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қате көрсетілген.

Сот шешімінің сипаттау бөлігінде шарттың жасалған күні қате жазылғандықтан, түзетуді енгізгенді дұрыс деп санайды.

АПК-нің 235, 268- 269-баптарын басшылыққа алып,сот

ҰЙҒАРДЫ:

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі» ММ-нің жауапкер «DQB» ЖШС-н мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айбын өндіру туралы азаматтық ісі бойынша, 2024 жылдың 29 сәуірдегі шығарылған сот шешіміне түзету енгізілсін.

Сот шешімінде жауапкердің атауы «DQB Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және сипаттау бөлігінде мемлекеттік сатып алу туралы №735 шарты 2023 жылғы 23 қазанда жасалған деп көрсетілсін.

Түзетулер енгізу туралы мәселе бойынша соттың ұйғарымына шағым жасалуы, ол прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов